

**2009 ж. «12» қарашадағы
«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры»
акционерлік қоғамының Директорлар
кеңесінің күндізгі отырысының
шешіміне № 7/2 Қосымша
№13 хаттама**

**«БЕКІТІЛГЕН»
2009 ж. «12» қарашадағы
«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры»
акционерлік қоғамының Директорлар
кеңесінің шешімімен
№13 хаттама**

**2015 жылғы «22» сәуірдегі «Даму»
кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік
қоғамының Директорлар кеңесінің
шешімімен бекітілген, №61 хаттама,
ӨЗГЕРТУЛЕР ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАРМЕН**

**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Директорлар кеңесінің
Аудит бойынша комитеті туралы ереже**

1. Жалпы ережелер

1. Берілген «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит бойынша комитеті туралы ереже (ары қарай - Ереже) Қоғамның Директорлар кеңесінің Аудит бойынша комитетінің мәртебесін, құзыретін, құрамын, жұмыс тәртібін және қызметтерін, оның жиналыстарын шақыру және өткізу, шешімдерді ресімдеу рәсімін және Аудит бойынша комитет мүшелерінің жауапкершілігін анықтайды.

2. Ережеде қолданылатын ұғымдар мен анықтамалар:

Заң – Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы;

Қор туралы заң – Қазақстан Республикасының «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» заңы;

Қор – «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» Акционерлік қоғамы;

Қоғам - «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ;

Аудит бойынша комитет – Қоғамның Директорлар кеңесінің аудит бойынша комитеті;

Қоғамның Басшылығы – Қоғамның атқару органының басшысы және мүшелері.

3. Ереже Қоғамның ішкі құжаты болып табылады және Заңға, Қоғамның Жарғысына және Корпоративтік басқару кодексіне және Қоғамның басқа ішкі құжаттарына сәйкес әзірленген.

4. Аудит бойынша комитет Қоғамның Директорлар кеңесінің консультациялық-кеңес органы болып табылады және Директорлар кеңесінің құзырына жатқызылған немесе Қоғамның атқару органының қызметін бақылау тәртібіне Директорлар кеңесімен зерттелетін мәселелерді тереңнен анықтап алу үшін және Директорлар кеңесі мен Қоғамның атқару органына қажетті ұсыныстарды әзірлеу үшін құрылады.

5. Аудит бойынша комитет Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп береді, өзіне Қоғамның Директорлар кеңесімен және осы Ережемен берілген өкілеттіктер

шегінде әрекет етеді.

6. Аудит бойынша комитет өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қоғамның Жарғысын, Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімдерін, Қоғамның Директорлар кеңесі туралы Ережесін, берілген Ережені және Қоғамның Директорлар кеңесінің басқа шешімдерін басшылыққа алады.

2. Аудит бойынша комитеттің құзыреті

7. Аудит бойынша комитет Қоғамның Жалғыз акционерінің мүддесінде әрекет етеді және оның жұмысы Қоғамның Директорлар кеңесіне келесілер бойынша ұсыныстарды әзірлеу арқылы көмек көрсетуге бағытталған:

1) қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметін бақылаудың тиімді жүйесін белгілеу бойынша (оның ішінде, қаржылық есептіліктің толықтығы мен шынайылығы бойынша);

2) ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің сенімділігін және тиімділігін, сондай-ақ корпоративтік басқару саласында құжаттардың орындалуын бақылау бойынша;

3) сыртқы және ішкі аудиттің тәуелсіздігін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауды қамтамасыз ету үдерісін бақылау бойынша;

4) берілген Ереженің талаптарына сәйкес басқа мәселелер бойынша.

3. Аудит бойынша комитет мүшелерінің құқықтары

8. Аудит бойынша комитеттің мүшесі белгіленген тәртіпте құқыққа ие:

1) Қоғамның лауазымды тұлғаларынан және жұмыскерлерінен Қоғамға қатысты кез келген ақпаратты (құжаттарды, материалдарды) сұрауға және алуға, егер көрсетілген ақпарат Аудит бойынша комитет мүшесінің қызметін жүзеге асыру үшін оған қажет болатын болса;

2) Қоғамның басшылығы өкілдерінің қатысуынсыз сыртқы және ішкі аудиторлармен кездесулер өткізуге;

3) Берілген Ережемен анықталғандай, Аудит бойынша комитет қарауында болатын мәселелер бойынша кез келген тексерулерді бастауға немесе жүргізуге;

4) Аудит бойынша комитет жиналысының хаттамаларымен және шешімдерімен, аудиторлық қорытындылармен танысуға;

5) Аудит бойынша комитет жиналысының хаттамасына күн тәртібінің мәселелері және қабылданатын шешімдер бойынша өзінің ерекше пікірін енгізуді талап етуге;

6) Аудит бойынша комитет жиналысын шақыруды талап етуге;

7) Аудит бойынша комитет жиналысының күн тәртібіне мәселелерді енгізуге;

8) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен, Қоғамның Жарғысымен, Қоғамның басқа ішкі құжаттарымен қарастырылған басқа да құқықтарды жүзеге асыруға.

4. Аудит бойынша комитет мүшелерінің құрамы, сайлау және өкілеттік мерзімі

9. Аудит бойынша комитеттің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның Төрағасы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату Қоғамның Директорлар кеңесінің құзырына жатады.

10. Аудит бойынша комитеттің құрамы Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері мен Аудит бойынша комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімдерге ие сарапшылар қатарынан құрылады.

11. Аудит бойынша комитет тәуелсіз директорды(ларды) қоса алғанда, ең аз дегенде екі мүшеден тұруы тиіс. Аудит бойынша комитеттің Төрағасы тәуелсіз директорлардың қатарынан сайланады.

Тәуелсіз болып табылмайтын Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі, егер Қоғамның Директорлар кеңесі ерекшелік ретінде аталған тұлғаның аудит бойынша комитетте мүшелігі Қоғамның және оның Жалғыз акционерінің мүдделерінде қажет деп шешетін болса, Аудит бойынша комитеттің құрамына сайлана алады. Аталған тағайындау туындаған кезде Қоғамның Директорлар кеңесі директордың тәуелділік сипатын ашуы және оны Аудит бойынша комитетке қабылдау туралы шешімді Жалғыз акционердің алдында есепте дәлелдеуі тиіс.

12. Аудит бойынша комитет құрамы мүшелерінің ішінде кем дегенде біреуі бухгалтерлік есеп және қаржылық есептемені және/немесе қаржыларды және/немесе аудитті дайындау саласындағы білімге сәйкес келетін ұзақ уақыттық жұмыс тәжірибесі болуы тиіс.

13. Аудит бойынша комитет шешімімен Аудит бойынша комитеттің хатшысы тағайындалады, ол Аудит бойынша комитеттің жұмысын ұйымдық және ақпараттық қамтамасыз ету бойынша қызметтерді жүзеге асырады.

5. Аудит бойынша комитеттің Төрағасы

14. Аудит бойынша комитеттің Төрағасы келесі қызметтерді жүзеге асырады:

- 1) Аудит бойынша комитеттің жұмысын ұйымдастырады;
- 2) Аудит бойынша комитеттің жиналыстарын шақырады және оларда төрағалық етеді;
- 3) Жиналыстарда хаттаманы жүргізуді ұйымдастырады;
- 4) Аудит бойынша комитеттің жиналысын жүргізу нысанын анықтайды.

15. Төраға болмаған жағдайда, оның қызметін Аудит бойынша комитеттің шешімі бойынша Аудит бойынша комитет мүшелерінің біреуі жүзеге асырады.

6. Аудит бойынша комитеттің жұмыс тәртібі

16. Аудит бойынша комитет қажеттілігіне қарай тоқсанына кем дегенде бір рет тұрақты күндізгі жиналыстарын және кезектен тыс жиналыстарын өткізеді. Аудит бойынша комитет қарастырылатын мәселелердің маңыздылығына сүйене отырып, жиналысты өткізу нысанын таңдайды. Аудит бойынша комитет жыл сайын Аудит бойынша комитеттің жұмыс жоспарын жасайды, жоспар Аудит бойынша комитетпен бекітіледі.

Аудит бойынша комитет жиналысының күн тәртібі Аудит бойынша комитеттің хатшысымен дайындалады және Аудит бойынша комитеттің барлық мүшелеріне және мүдделі тұлғаларға жиналысты өткізудің жоспарланған күніне дейін екі аптадан кешіктірмей жіберіледі. Аудит бойынша комитеттің жиналысы Кворум болған жағдайда құқықты болып саналады - Аудит бойынша комитет мүшелерінің санының жартысынан кем емес.

Аудит бойынша комитеттің жиналысы оның Төрағасының бастамасы бойынша немесе төменде аталғандардың талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін:

- 1) Аудит бойынша комитеттің кез келген мүшесінің;
- 2) Жалғыз акционердің;
- 3) Ішкі аудит қызметінің.

Аудит бойынша комитеттің Төрағасы жиналысты шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы аталған талаппен Қоғамның Директорлар кеңесіне жүгінуге

құқылы болады, Директорлар кеңесі Аудит бойынша комитеттің жиналысын шақыруға міндетті.

Аудит бойынша комитеттің жиналысы аталған талапты жасаған тұлғаны міндетті шақырумен жүргізіледі.

17. Шешімдер жиналысқа қатысып отырған Аудит бойынша комитет мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең түскен жағдайда Аудит бойынша комитеттің Төрағасы шешуші дауыс құқына ие болады.

Ерекше жағдайларда, қарастырылатын мәселелердің шұғылдылығы мен маңыздылығына байланысты, Аудит бойынша комитет мүшесінің Аудит бойынша комитеттің күндізгі жиналысына қатысуына рұқсат етіледі, кворум болған жағдайда, бейнеконференция (интерактивті аудиовизуалды байланыс), конференц-байланыс (Аудит бойынша комитет мүшелерінің «телефонмен жиналыс» режимінде бір мезгілде сөйлесулері) арқылы, сондай-ақ басқа байланыс құралдарын пайдалана отырып. Бұл жағдайда, Аудит бойынша комитет мүшесі Аудит бойынша комитеттің күндізгі жиналысына қатысқан ретінде саналады. Бұл ретте, Комитет жиналысының хаттамасында пайдаланылған байланыстың түрі көрсетіледі.

18. Аудит бойынша комитет мүшелері Аудит бойынша комитеттің күндізгі жиналыстарына қатысуға міндетті. Қажет болған жағдайда, Аудит бойынша комитеттің жиналыстарына Аудит бойынша комитет Төрағасының шақыруы бойынша келесі тұлғалар қатыса алады:

- 1) ішкі аудит қызметінің басшысы;
- 2) жетекші серіктес және/немесе сыртқы аудитордың басқа өкілдері;
- 3) Қоғамның бірінші басшысы және басқа өкілдері, оның ішінде бас бухгалтер, сондай-ақ Қоғамның заңгерлік бөлімшесінің өкілдері;
- 4) Белгіленген тәртіпте тартылған тәуелсіз кеңесшілер (сарапшылар), күн тәртібінің мәселелері бойынша ақпаратты алу үшін.

19. Аудит бойынша комитеттің әрбір жиналысының нәтижелері бойынша, оны өткізгеннен кейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей хаттама жасалады. Хаттамаға Аудит бойынша комитеттің Төрағасы немесе жиналыста төрағалық еткен тұлға, сондай-ақ Аудит бойынша комитеттің хатшысы қол қояды, олар хаттаманың дұрыс жасалуы мен мазмұны үшін жауапкершілікке ие болады.

Аудит бойынша комитеттің хатшысы хаттамаға қол қойғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне қол қойылған хаттаманың көшірмесін жібереді.

Аудит бойынша комитет хатшысы Аудит бойынша комитет жиналыстары хаттамаларының түпнұсқаларын Қоғамның мұрағатына тапсыруды қамтамасыз етеді. Қоғам Аудит бойынша комитеттің хаттамаларын атқару органының орналасқан жері бойынша немесе Қоғамның атқару органының шешімі бойынша басқа орында шексіз мерзімге сақтауға міндетті.

7. Аудит бойынша комитеттің қызметтері

20. Аудит бойынша комитет белгіленген тәртіпте келесі қызметтерді орындайды:

- 1) Қаржылық есептеме мәселелері бойынша:
 - а) Қоғамның басшылығымен және сыртқы аудитормен қаржылық есептемені, сондай-ақ қаржылық есептеменің пайдаланылған қағидаттарының негізділігі мен жарамдылығын, қаржылық есептемедегі маңызды бағалау көрсеткіштерін, есептемені маңызды түзетулерді талқылайды;
 - б) Қоғамның басшылығымен, сыртқы және ішкі аудиторлармен Қоғамның

Есеп саясатына ұсынылатын (болжанатын) өзгертулерді және бұл өзгертулердің есептеменің мазмұнында қалай көрініс табатындығын талқылайды;

в) Қоғамның қаржылық есептемесіне қатысты Қоғамның басшылығы мен сыртқы аудитордың арасындағы кез келген маңызды келіспеушіліктерді қарастырады;

г) Қоғамның Есеп саясатын алдын ала мақұлдайды;

д) Қоғамның жылдық қаржылық есептемесін алдын ала мақұлдайды.

2) Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша:

а) сыртқы және ішкі аудиторлардың ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің жағдайы туралы есептерін талдайды;

б) Қоғамның ішкі бақылау құралдары мен тәуекелдерді басқару жүйелерінің тиімділігін талдайды, сондай-ақ осы және аралас мәселелер бойынша ұсыныстар береді;

в) Қоғамның ішкі және сыртқы аудиторларының ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелеріне қатысты ұсыныстарының орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

г) Маңызды тәуекелдер мен бақылау мәселелерін және Қоғамның тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудағы тиісті жоспарларын қарастыру үшін Қоғамның басшылығымен тұрақты кездесулерді өткізеді;

д) Қоғамның ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелері бойынша саясаттары мен рәсімдерін алдын ала мақұлдайды;

е) Қоғаммен ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерін жетілдіру бойынша әзірленген іс-шаралардың (түзету қадамдарының) орындалу сапасы мен нәтижелерін талдайды.

3) Сыртқы аудит мәселелері бойынша:

а) Қоғамның сыртқы аудиторын тағайындау және ауыстыру бойынша мәселелерді зерттейді және аталған мәселе бойынша ұсыныстарды дайындайды;

б) сыртқы аудитор Қоғамға көрсететін (көрсетуді жоспарлайтын) барлық ілеспе қызметтердің тізімін сыртқы аудитордан алуды қамтамасыз етеді және оны сыртқы аудитормен талқылайды. Ілеспе қызметтердің аудитордың тәуелсіздігімен қаншалықты үйлесімді екендігін бағалайды. Қоғамның Директорлар кеңесіне сыртқы аудитордың тәуелсіздігін қамтамасыз ететін шараларды қабылдауға кеңес береді;

в) сыртқы аудитордан ілеспе қызметтерді алуды алдын ала мақұлдайды;

г) Қоғамның жылдық қаржылық есептемесіне аудитті жүргізуге сыртқы аудитормен шарттың (келісімшарттың) жобасының маңызды шарттарын алдын ала мақұлдайды;

д) сыртқы аудитормен аудиттің ұсынылатын жоспары мен көлемі Жалғыз акционердің және Қоғамның Директорлар кеңесінің қажеттіліктеріне қаншалықты сәйкес келетіндігін талқылайды;

е) сыртқы аудитормен бірлесіп жыл сайынғы және аралық аудиттердің нәтижелерін, Қоғамның басшылығының аудиттердің қорытындылары бойынша ақпаратын қоса, қарастырады;

ж) жарты жылда бір реттен сирек емес Қоғамның басшылығының өкілдерінің қатысуынсыз сыртқы аудитормен кездесулерді өткізеді.

4) Ішкі аудит мәселелері бойынша:

а) ішкі аудит қызметінің қызметіне жетекшілік етеді;

б) ішкі аудит қызметінің сандық құрамы, өкілеттік мерзімі, оның басшысы мен қызметкерлерін тағайындау туралы, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін

мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібі туралы ұсыныстар енгізеді;

в) Директорлар кеңесіне ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу және сыйақы беру мөлшерлері мен шарттары, ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне қойылатын біліктілік талаптары туралы ұсыныстар жасайды;

г) ішкі аудит қызметі туралы ережені, ішкі аудит саясаттарын, рәсімдерін және ішкі аудит қызметінің қызметін реттейтін басқа құжаттарды, сондай-ақ оларға өзгертулер мен толықтыруларды алдын ала мақұлдайды, ішкі аудит қызметінің Қоғам басшылығынан тәуелсіздігін қамтамасыз етеді;

д) ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын, бюджетін (шығындар сметасын) алдын ала мақұлдайды;

е) жұмыстың нәтижелері мен неғұрлым маңызды аудиторлық түсініктемелерді жинақталған форматта ұсынатын ішкі аудит қызметінің тұрақты есептерін алдын ала мақұлдайды;

ж) ішкі аудит қызметіне алға қойылған міндеттерін тиімді орындауға кедергі келтіретін қолданыстағы шектеулер мәселесін қарастырады және мұндай шектеулерді жоюға себін тигізеді;

з) тоқсанына бір реттен сирек емес ішкі аудит қызметінің басшысымен Қоғамның басшылығының өкілдерінің қатысуынсыз кездесулер өткізеді;

и) ішкі аудит қызметінің қызметін алдын ала бағалауды жүргізеді;

к) ішкі аудит қызметімен қажет болған жағдайларда, мүдделі мәселелерге тәуелсіз тексерулерді (бағалауды) жүргізуге бастамашылық етеді;

Егер Қоғамның атқару органында ішкі аудит қызметімен мүдделі мәселелерге тәуелсіз тексерулерді (бағалауды) жүргізу қажеттілігі туындайтын болса, онда Қоғамның атқару органының басшысы Аудит бойынша комитетке аталған тәуелсіз тексеруді (бағалауды) жүзеге асыруға алдын ала рұқсатты алу үшін өтініш жасайды.

5) Заңнаманы сақтау мәселелері бойынша:

а) Қоғаммен заңнаманы сақтауды қамтамасыз етуге арналған Қоғамның ішкі рәсімдерінің тиімділігін бағалайды;

б) уәкілетті органдардың (оның ішінде салық), сыртқы және ішкі аудиторлардың, Қоғамның басшылығының заңнаманы сақтау мәселелері бойынша есептерін алады және зерттейді;

в) «жедел желі» рәсімі бойынша ұсыныстар енгізеді, ол арқылы Қоғамның қызметкерлері құпиялылық негізінде немесе анонимді түрде заңнаманы болжалды бұзушылықтар немесе теріс пайдаланушылықтар туралы, оның ішінде қаржылық есептеменің толықтығына және шынайылығына қатысты ақпаратты, сондай-ақ мұндай өтініштерді қарастыру және әрекет ету тәртібі бойынша ұсыныстарды бере алады.

6) Қызметі туралы есептілік:

а) тұрақты, бірақ жылына бір реттен сирек емес, Директорлар кеңесінің алдында өзінің қызметі туралы есеп береді;

б) Директорлар кеңесінің есебіне қосу үшін Аудит бойынша комитеттің жұмысының нәтижелері туралы ақпаратты дайындауды және оны Жалғыз акционердің алдында есепте ашуды жүзеге асырады.

7) Басқа міндеттер:

а) қажетіне қарай, Директорлар кеңесінің арнайы тексерулерді (тексерулерді) жүргізу бойынша ұсыныстарын әзірлейді, оның ішінде, тәуелсіз кеңесшілерді (сарапшыларды) тарта отырып;

б) алаяқтық жағдайларын талдайды және жинақтайды және болашақта алаяқтықтың алдын алу бойынша Қоғамның атқару органымен қабылданған

шаралардың баламалылығын бағалайды;

в) Директорлар кеңесінің тапсырмасы бойынша Комитеттің құзырына жататын басқа да міндеттерді орындайды.

8. Аудит бойынша комитет мүшелерінің жауапкершілігі

21. Аудит бойынша комитеттің мүшесі Қоғамның және Жалғыз акционердің алдында өзінің әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) тигізілген залал үшін, оның ішінде алдаушылыққа әкелетін ақпаратты, немесе қасақана жалған ақпаратты беру нәтижесінде тигізілген залалдар үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке ие болады.